ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 31 тамыз №7119-23-00-2/9125 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.М. Утегенова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «Гвардейск аудандық пайдалану бөлімі» РММ

ЖАУАПКЕР:
«Стандарт ЛК» ЖШС

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап арызы – қанағаттандырылсын.

«Стандарт ЛК» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Альфатон» ЖШС-нен мемлекет пайдасына 3960 (үш мың тоғыз жүз алпыс) теңге тұрақсыздық айыбы, 1843,8 (бір мың сегіз жүз қырық үш) теңге 8 тиын мөлшерінде мемлекеттік баж, барлығы 5803,8 (бес мың сегіз жүз үш) теңге 8 тиын өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.М. Утегенова

Сот өндірісі
Судопроизводство
Құжатқа қол қойылған: Утегенова А. М., 31.08.2023
Заңды күшіне енгенкүні: 02.11.2023, судья Утегенова А. М., 16.11.2023

Ү й ғ а р ы м

2023 жылғы 18 қазан Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Утегенова А.М., талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «Гвардейск аудандық пайдалану бөлімі» РММ жауапкер «Стандарт ЛК» ЖШС-нің мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы электрондық азаматтық ісі бойынша 2023 жылғы 31 тамыздағы сот шешіміне түзетулер енгізу туралы арызын қарап,

АНЫҚТАДЫ

2023 жылғы 31 тамызда талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «Гвардейск аудандық пайдалану бөлімі» РММ жауапкер «Стандарт ЛК» ЖШС-нің мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылды.

ҚР Азаматтық процессуалдық кодексінің 235-бабына сәйкес бұдан әрі (АПК) сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша қате жазуларды немесе көрінеу арифметикалық қателерді түзете алады.

Іс материалдарын зерделеу барысында соттың шешімінің қарар бөлігінде жауапкердің атауында қате жіберілгені анықталды.

Осыған байланысты сот, шешіміне қате жазуларды түзетуді енгізу қажет деп санайды.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК 235, 268, 269 баптарын басшылыққа алып, сот

ҮЙҒАРДЫ:

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 31 тамыздағы талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «Гвардейск аудандық пайдалану бөлімі» РММ жауапкер «Стандарт ЛК» ЖШС-нің мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы шешіміне түзетулер енгізілсін.

Шешімде барлық мәтін бойынша жауапкердің атауын «Альфатон» ЖШС-нен «Стандарт ЛК» ЖШС-не ауыстырылсын.

Жеке шағым, прокурордың өтінішхаты үйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап, он жұмыс күні ішінде Астана қаласының

мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына келтіруге болады.

Судья А.М.Утегенова

Құжатқа қол қойылған: Утегенова А.М., 15.10.2023